

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында, мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттырудың аумақтық орталықтарында, өзге білім беру ұйымдарында Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының м.а. 2011 жылғы 17 мамырдағы N 02-01-02/96 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 13 маусымда N 7007 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 25 желтоқсандағы № 06-7/190 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 25.12.2013 № 06-7/190 бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы № 1457 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру ережесіне сәйкес

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында, мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттырудың аумақтық орталықтарында, өзге білім беру ұйымдарында Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру ережесі бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Т ө р а ғ а н ы ң м і н д е т і н

атқарушы *Қ. Нұрпейісов*

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

М е м л е к е т т і к қ ы з м е т і с т е р і ж ө н і н д е г і

а г е н т т і г і т ө р а ғ а с ы н ы ң м . а .

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында, мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттырудың аумақтық орталықтарында, өзге білім беру ұйымдарында мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында, мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттырудың аумақтық орталықтарында, өзге білім беру ұйымдарында Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерін қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырудың осы ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 11 қазандағы № 1457 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру ережесіне сәйкес әзірленді.

2. Ереже Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында (бұдан әрі – Академия), қайта даярлау және біліктілікті арттырудың аумақтық орталықтарында (бұдан әрі – орталықтар) мемлекеттік әкімшілік қызметшілерін қайта даярлауды, сондай-ақ Академияда, орталықтарда және өзге білім беру ұйымдарында мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыруды ұйымдастыру шарттарын анықтайды.

3. Академияда, орталықтарда іске асырылатын қайта даярлаудың және біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламалары Академиямен әзірленеді және оқу жылы басталғанға дейін бір айдан кешіктірілмей Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен (бұдан әрі – Агенттік) келісіледі.

2. Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру

4. Академияда А, В, С санаттар топтарының, соның ішінде С-О-1, С-О-2, С-Р-1, D-1 - D-3, D-О-1, D-О-2, Е-1, Е-2, Е-Р-1 санаттарының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерін қайта даярлау жүзеге асырылады.

Орталықтарда С-О-3 - С-О-6, С-Р-2 - С-Р-5, D-4 - D-5, D-О-3 - D-О-6, Е-3 - Е-

5, E-R-2 - E-R-5, E-G-1 - E-G-4 санаттарының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерін қайта даярлау жүзеге асырылады.

5. Академияда А, В, С санаттар топтарының, соның ішінде С-О-1, С-О-2, С-Р-1, D-1 - D-3, D-О-1, D-О-2, E-1, E-2, E-R-1 санаттарының саяси және мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің біліктілігін арттыру жүзеге асырылады.

Орталықтарда және өзге білім беру ұйымдарында С-О-3 - С-О-6, С-Р-2 - С-Р-5, D-4 - D-5, D-О-3 - D-О-6, E-3 - E-5, E-R-2 - E-R-5, E-G-1 - E-G-4 санаттарының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің біліктілігін арттыру жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, орталықтарда қалалар, аудандар, селолар, селолық округтер, кенттер, ауылдар әкімдерінің, олардың орынбасарларының, С-Р-1, E-1, E-2, E-R-1 санаттарының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің біліктілігін арттыру жүзеге асырылады.

6. Қайта даярлау мен біліктілігін арттыруға жататын мемлекеттік қызметшілердің саны бөлінген бюджеттік қаражаттарға сәйкес мемлекеттік органдардың кадрлар қызметтерімен анықталады.

Ескерту: Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты мен Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің мемлекеттік қызметшілерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру Алматы қаласындағы мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру аумақтық орталығында жүзеге асырылуы мүмкін.

3. Қорытынды ережелер

7. Академия, орталықтар, өзге білім беру ұйымдары 10 қаңтарға дейін осы Ереженің 1, 2-қосымшаларына сәйкес белгіленген нысандар бойынша мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру туралы ақпаратты Агенттікке тапсырады.

8. Академия, орталықтар, өзге білім беру ұйымдары мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттырудың бағдарламаларын жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды Агенттікке енгізуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында, мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттырудың аумақтық орталықтарында, өзге білім беру ұйымдарында Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерін қайта даярлау және

олардың біліктілігін арттыруды
ұйымдастыру Ережесіне 1-қосымша
Нысан

Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау жиынтығы туралы деректер

(Академияда, орталықтарда)

Мемлекеттік қызметшілердің санаттары	Республикалық бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік қызметшілер	Жергілікті бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік қызметшілер	Оқудан өткен мемлекеттік қызметшілердің жалпы саны
Оның ішінде: мемлекеттік қызметке алғаш қабылданғандар			
басшы лауазымға тағайындалғандар			

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында, мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттырудың аумақтық орталықтарында, өзге білім беру ұйымдарында Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру Ережесіне 2-қосымша
Нысан

Мемлекеттік қызметшілердің біліктілігін арттыру жиынтығы туралы деректер

(Академияда, орталықтарда, өзге білім беру ұйымдарында)

Республикалық бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік қызметшілер	Жергілікті бюджет есебінен ұсталатын мемлекеттік қызметшілер	Оқудан өткен мемлекеттік қызметшілердің жалпы саны
---	--	--

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының м.а.

2011 жылғы 17 мамырдағы
№ 02-01-02/96 бұйрығына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің күші жойылған нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі Төрағасының 2005 жылғы 17 наурыздағы № 02-01-02/35 «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік қызмет Академиясында, мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттырудың аумақтық орталықтарында, өзге білім беру ұйымдарында Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 24 желтоқсандағы № 02-01-02/138 бұйрығына толықтыруды енгізу туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3549 болып тіркелген) бұйрығы.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі Төрағасының 2005 жылғы 5 тамыздағы № 02-01-02/104 «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік қызмет академиясында, мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру өңірлік орталықтарында, басқа білім беру ұйымдарында Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі төрағасының 2004 жылғы 24 желтоқсандағы № 02-01-02/138 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3794 болып тіркелген) бұйрығы.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының м.а. 2009 жылғы 22 шілдедегі № 02-01-02/127 «Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2004 жылғы 24 желтоқсандағы № 02-01-02/138 «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында, мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттырудың аумақтық орталықтарында, өзге білім беру ұйымдарында Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру ережесін бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5736 болып тіркелген, 2009 жылғы № 9 Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік

органдарының актілер жинағында жарияланған) бұйрығы.

4. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі төрағасының 2004 жылғы 24 желтоқсандағы № 02-01-02/138 «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында, мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттырудың аумақтық орталықтарында, өзге білім беру ұйымдарында Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру ережесін бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3339 болып тіркелген) бұйрығы.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК